№1 (505)
31 қаңтар
2025 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



## ЖАС ЖҰБАНОВШЫ

Бекзат Амангелдиев, Zhubanov University Физика-математика факультетінің "Ғылыми физика" мамандығының 4 курс студенті, "Үздік студент" төсбелгісінің иегері.

— Батыс өңіріндегі №1 университет мәртебесіндегі Құдайберген Жұбанов атындағы жоғары оқу орнында академиялық білім алып жатқанымды мақтаныш тұтамын. Студенттік алтын шақ аяқталуға жақын. Сондықтан алдағы жоспарымды пысықтап жатырмын. Оқуымды ғылым саласында жалғастырмаққа ниеттімін. Бұл ретте маған ең үлгі тұлға — Құдайберген Жұбанов. Оны тек қазақ ғылымы бойынша ғана емес, жалпы ғылымдағы феномен деп есептеймін.

Өзім мұнда Атырау өңірінен келдім. Негізі жаным өнерге жақын. Ән айтамын. Бірақ әкемнің берген бағытын құп санап, осы мамандыққа түстім. Ал ән айту маған университеттің қоғамдық-әлеуметтік жұмыстарында өзімді танытуға, өзге ортаға тез бейімделуіме себін тигізді.

## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНА **КЕШЕНДІ КӨЗҚАРАС**

5-БЕТ

## ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ҚҰРУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ — **ӨЗЕКТІ**

7-БЕТ

## ШАҢҒЫ СПОРТЫ — **КҮРДЕЛІ**

12-13-БЕТТЕР

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА

Мемлекет және қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталының тұрған үйіне мемориалдық тақта ілінді. Ақтөбе қаласының 12 шағын ауданындағы №21 үйдің қабырғасына мемориалдық тақтаны ілу ресми іс-шарасына Ақтөбе облысы әкімдігінен, Ақсақалдар кеңесінен өкілдер, университет басшылығы, профессор-оқытушы әріптестері және Амангелді Айталының туыстары қатысты.

Іс-шара барысында ғалымды еске алушылар оның елеулі еңбектері мен кең ауқымды қоғамдық қызметі жайлы атап өтті. Университет ректоры Лаура Карабасова профессордың университет ғылымын дамытудағы өлшеусіз үлесіне тоқталып, бар өмірін Қазақстанның білім, ғылым және мәдениет салаларының өркендеуіне арнаған ғалымның ғылыми мұраларының бүгінгі қазақ ғылымындағы орны айрықша екенін айтты.

Амангелді Айталы Жұбанов университетінде 50 жылдан астам уақыт бойы аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор қызметтерін атқарды. Сонымен қатар, ол 1999-2007 жылдары Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты




ретінде халықаралық деңгейде білім мен мәдениет мәселелерін көтеріп, ТМД елдерімен парламентаралық байланыстарды дамытуды белсенді жүргізді. Ғалым еліміздегі заң шығарушы қызметке де белсене араласып, мәдениет, көшіқон, жер қатынастары, отбасы және қоғамдағы өзекті мәселелердің құқықтық тұрғыдан шешілуіне зор үлес қосты.

Профессор Амангелді Айталының елге сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, оған "Құрмет Белгісі", "Парасат", III дәрежелі "Барыс", II дәрежелі "Барыс" ордендері, "Қазақстан білім беру ісінің құрметті қызметкері" және "Қазақстан білім беру ісінің үздігі" медальдары табысталған. Сондай-ақ, ол Ақтөбе қаласының және Ақтөбе облысының Құрметті азаматы атақтарына да ие болды.

## МЕМОРИАЛЬНАЯ ДОСКА

В доме, где жил государственный и общественный деятель, доктор философских наук, профессор Амангельды Айталы, установлена мемориальная доска. В официальном мероприятии по открытию мемориальной доски на стене дома №21 в 12 микрорайоне города Актобе приняли участие представители акимата Актюбинской области, Совета аксакалов, руководство университета, профессорско-преподавательский состав и родственники Амангельды Айталы.

В ходе мероприятия памяти ученого были отмечены его значимые труды и широкомасштабная общественная деятельность. Ректор университета Лаура Карабасова указала на неоценимый вклад профессора в развитие университетской науки и отметила, что научное наследие ученого, посвятившего всю свою жизнь процветанию отраслей образования, науки и культуры Казахстана, занимает сегодня особое место в казахской науке.

В Zhubanov University Амангельды Айталы более 50 лет работал старшим преподавателем, доцентом, заведующим кафедрой, деканом и проректором по научной работе. Кроме того, в 1999-2007 годах, будучи депутатом Мажилиса Парламента Республики Казахстан, он активно поднимал вопросы образования и культуры на международном уровне, активно вел развитие межпарламентских связей со странами СНГ. Ученый также принимал активное участие в законодательной деятельности страны, внес большой вклад в правовое решение актуальных вопросов культуры, миграции, земельных отношений, семьи и общества.

Заслуги профессора Амангельды Айталы были высоко оценены и награждены орденами



☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news



"Құрмет", "Парасат", "Барыс" III степени, "Барыс" II степени, медалями "Почетный работник образования Казахстана" и "Отличник образования Казахстана". Он также получил звания Почетного гражданина города Актобе и Актюбинской области.

## MEMORIAL PLAQUE

A memorial plaque has been installed in the house where the statesman and public figure, Doctor of Philosophy, Professor Amangeldy Aitaly lived. Representatives of the Akimat of Aktobe region, the Council of Elders, the university leadership, the teaching staff and relatives of Amangeldy Aitaly took part in the official event to unveil the memorial plaque on the wall of house No. 21 in the 12th microdistrict of Aktobe city.

During the event in memory of the scientist, his significant works and large-scale public activities were noted. Rector of the University Laura Karabasova noted the professor's invaluable contribution to the development of university science and that the scientific legacy of the scientist, who devoted his entire life to the prosperity of education, science and culture in Kazakhstan, occupies a special place in Kazakh science today.

For more than 50 years, Amangeldy Aitaly worked at Zhubanov University as a senior lecturer, associate professor, head of the department, dean and vice-rector for Research. In addition, in 1999-2007, as a deputy of the Mazhilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, he actively raised issues of education and culture at the international level, actively led the development of interparliamentary relations with the CIS countries. The scientist also took an active part in the legislative activity of the country, made a great contribution to the legal solution of topical issues of culture, migration, land relations, family and society.

The merits of Professor Amangeldy Aitaly were highly appreciated and awarded the orders of "Kurmet", "Parasat", "Barys" III degree, "Barys" II degree, medals "Honorary Worker of Education of Kazakhstan" and "Excellent Student of Education of Kazakhstan". He also received the title of Honorary Citizen of Aktobe and Aktobe region.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО-ЛАР

Қазақстанда 120 жоғары оқу орны жұмыс істейді, оның ішінде 11-і ұлттық ЖОО, мемлекеттік ЖОО — 29, азаматтық емес ЖОО — 14, ДББҰ (дербес білім беру ұйымы) — 1, халықаралық — 1, акционерленген — 16 және жекеменшік — 48.

Аталған ЖОО-ларда 642,5 мыңнан астам студент білім алуда, оның 255,6 мыңнан астамы мемлекеттік тапсырыс бойынша тегін оқиды. Түлектер саны 182,6 мың, оның ішінде бакалавриатта — 157 мың, магистратурада — 21 мың, докторантурада — 1,8 мыңнан астам және резидентурада — 2,1 мыңнан астам жастар оқиды.

Жалпы профессор-оқытушылар құрамы 37,4 мың, оның 46,5 пайызының ғылыми дәрежесі бар. Ғылым кандидаттарының саны — 10,5 мың, ғылым докторлары — 2,7 мыңнан астам, PhD докторлары — 4,1 мыңнан асады.

## КАЗАХСТАНСКИЕ ВУЗЫ

В Казахстане функционируют 120 вузов, из них 11 — национальных, 29 — государственных, 14 — негосударственных вузов, АОО (автономная организация образования) — 1, международных — 1, акционированных — 16 и частных — 48.




В данных вузах обучается более 642,5 тыс. студентов, из них более 255,6 тыс. - по государственному заказу бесплатно. Количество выпускников составляет 182,6 тыс. человек, в том числе в бакалавриате — 157 тыс., магистратуре — 21 тыс., докторантуре — более 1,8 тыс. и резидентуре — более 2,1 тыс. молодых людей.

Всего профессорско-преподавательский состав составляет 37,4 тыс. человек, из них 46,5% имеют ученую степень. Количество кандидатов наук — 10,5 тыс., докторов наук — более 2,7 тыс., докторов PhD — более 4,1 тыс.

## KAZAKH UNIVERSITIES

There are 120 universities in Kazakhstan, of which 11 are national, 29 are state, 14 are non-state universities, AEO (autonomous educational organization) — 1, international — 1, corporatized — 16 and private — 48.

More than 642.5 thousand students study at these universities, of which more than 255.6 thousand are free of charge by state order. The number of graduates is 182.6 thousand people, including 157 thousand in bachelor's degree, 21 thousand in master's degree, more than 1.8 thousand in doctoral studies and more than 2.1 thousand in residency.

The total teaching staff is 37.4 thousand people, of whom 46.5% have an academic degree. The number of candidates of sciences is 10.5 thousand, doctors of sciences — more than 2.7 thousand, PhD doctors-more than 4.1 thousand.

# ☑ Interview with the Head of State

**2025 жылдың 3 қаңтар күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ana tili» газетіне арнайы, көлемді сұқбат берді.**

**Сұқбат барысында Президент ішкі және сыртқы саясаттағы басты оқиғаларға бағасын беріп, сондай-ақ елдің биылғы саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуын қорытындылап, алдағы кезеңге арналған басым міндеттерді айқындады.**

**Сұқбаттасқан журналист Ерлан Жүніс.**

**Сұқбатты толық https://www.akorda.kz сілтемесі арқылы оқуға болады.**




## ЖАСТАР ҮШІН МАҢЫЗДЫ



Жаңа жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың "Ana tili" газетіне берген көлемді сұқбаты жарияланды. Онда Президент өткен жылы атқарылған жұмыстарға бағасын беріп, алдағы тұрған маңызды міндеттерге кеңірек тоқталған. Сұқбатты оқи отырып, жастар үшін маңызды ойларына баса назарымды аудардым.

Сұқбатта "Рас, бүгінде жастардың көбі білім алу немесе қызметте өсу үшін шетелге шыққысы келеді. Бұл — жаһандану үдерісінің бір ерекшелігі.

Оған түсіністікпен қараған жөн.

Біздің жастарымыз әлемдегі беделді университеттерде жақсы білім алып, тәжірибе жинап, дүниетаным көкжиегін кеңейте алады. Сондықтан мемлекет, әрине, шетелде оқуға кедергі жасамайды, керісінше, ондай бастамаларға қолдау көрсетеді. Халықаралық "Болашақ" стипендиясы баршаға белгілі. Жас ғалымдардың шетелдегі ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуіне жағдай жасалған. Бірқатар елмен студент алмасып тұрамыз.

Жастардың кәсіби біліктілігін көтеру немесе көбірек табыс табу үшін шетелге шығуы қалыпты нәрсе деп ойлаймын. Олар үйреншікті мекенін тастап, өмірін күрт өзгертуден қорықпауы керек. Тіршілікке бейім, ширақ болуға тиіс. Өмір бойы бір ауылда немесе бір қалада тұрып, жарты ай жұмыста болғаны үшін біліктен жоғары жалақы талап ететін заман әлдеқашан келмеске кетті. Қазіргі жастар ондай болмауға тиіс. Қарым-қабілетің қай жерде қажетке жараса, сонда баруға тырысу керек. Баратын жерің ірі шаһар немесе басқа өңір, тіпті басқа ел болуы да мүмкін. Қазақта "Жүргенге жөргем ілінеді, жатқанға жан жуымайды" деген сөз бар.

Елімізде білікті мамандардың аяғын жерге тигізбей, қағып әкететін салалар көп. Үкіметтің міндеті — олардың өз Отанында табысты еңбек етуіне жағдай жасау", — делінген журналист сұрақтарына жауаптарда. Бұл сөздерден Мемлекет басшысының жастарға деген қамқор көңілі анық аңғарылады.

**Лаура Қарабасова,**
**Zhubanov University ректоры**

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫНА ЕРЕКШЕ НАЗАР




Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының "Ana tili" ұлт газетіне берген сұқбатын үлкен қызығушылықпен оқып шықтым.

Сұқбатта Президент ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын сараптаған, еліміздің 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының нәтижелеріне баға берген. Сонымен қатар, ол 2025 жылға арналған негізгі міндеттер мен жоспарларды да айқындапты.

Сұқбатта қазақ тілінің қоғамдағы орны мен маңызын кеңейтуге ерекше назар аударылған. Президент ұлттық тілімізді ұлтаралық қатынас тіліне айналдырудың маңыздылығын атап өтіп, бұл бағытта атқарылған жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтты.

Сонымен қатар Президентіміздің жасанды интеллект туралы айтқаны елдің осы саладағы мүмкіндіктері мен болашағына үлкен көңіл бөлетінін көрсетеді. Ол жасанды интеллектті дамытудың жаһандық трендтерге сәйкес келетінін, сондай-ақ елдің экономикалық және технологиялық әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Бұл бағыттағы білім беру мен ғылыми зерттеулердің маңыздылығын ерекше атап өтуі — Қазақстанның цифрлық трансформацияға бейімділігін айқындайды. Президенттің пікірінше, жасанды интеллект — жаңа технологиялық дәуірдің негізі, әрі бәсекеге қабілеттілік үшін шешуші фактор.

**Бану Умирзакова,**
**Zhubanov University**
**Физика-математика факультеті,**
**"Информатика және ақпараттық технологиялар" кафедрасының оқытушысы**

## ЖАСТАРДЫҢ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА НЕГІЗДЕМЕ



Республикалық "Ana tili" газетінде жарияланған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұқбатын оқып отырып, еліміздің әр азаматы өзінің жылға жоспарына бағыт берер бір азық алды деп санаймын. Өзім мына сөздерді блокнотыма түртіп алдым:

"Бір ғана тілегім, ақыл-кеңесім бар: жас азаматтарымыз дүниетанымы тұрғысынан жасампаз, ойлау қабілеті жағынан сындарлы болуға тиіс, олар жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуі керек. Жастарымыз халқымыздың болмысына жат идеялардың жетегінде кетпесе, күйзеліске түспесе, нигилизмге бой алдырмаса екен деп тілеймін".

Бұл сөздер жастардың тұлғасын қалыптастырудағы кәсіби және қоғамдық-әлеуметтік қызметімізге негіздеме болмақ деп есептеймін.

**Райбек Телжанұлы,**
**Zhubanov University**
**Педагогика және білім берудегі менеджмент факультеті, "Жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент" кафедрасының оқытушысы**

## ☑ 2025 — Year of working professions

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылдың 2 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдауында 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады.**

**"Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау — айрықша өзекті мәселе.**

**Бұл — экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам.**

**Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.**

**Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған "Адал азамат — Адал еңбек — Адал табыс" қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.**

**Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек — қадірлі.**

**Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі.**

**Халқымызда "Жұмыстың көзін тапқан байлықтың өзін табады" деген сөз бар. Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Бұл түсінікті қоғам санасына сіңіру қажет. Азаматтарға құрметті атақ берудегі түпкі мақсатымыз да — осы. Бұған дейін мұғалімдерге, дәрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне осындай атақтар беріле бастады. Бұл — өте жақсы бастама, оның аясын кеңейту керек,— деп мәлімдеді Қ.Тоқаев.**



# Жұмысшы мамандықтарына — кешенді көзқарас




Техникалық және кәсіптік білімнің тартымсыз салаға айналуы — әлемдік мәселе. Білім сарапшылары орта кәсіптік білімнің жеткілікті көңіл бөлінбейтін сала болуы себебін «күлше қыз» метафорасымен түсіндіріп жатады.

Нарықтық экономикаға көшу жағдайында жұмысшы мамандықтардың құнсыздануы проблемасы біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Әсіресе жоғары оқу орындарының көптеп ашылуы, жоғары білімнің массификациясы жастардың жаппай университеттерге және жұмысшы емес мамандықтарды таңдауына алып келді.

Жұмысшы мамандықтар тек колледждерде емес, жоғары оқу орындарында да дайындалатынын атап өткен жөн. Қарапайым мысал, батыс өңіріндегі ең ірі оқу ордасы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті сонау 90-жылдардан бастап Ақтөбе өңірінің экономикасына қажетті тау-кен ісі, металлургия, құрылыс, көлік, энергетика салалары үшін инженер кадрлар даярлап келеді.

Аталған бағыттар бойынша «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының тәуелсіз рейтингінің нәтижесіне сай университет түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші 70-80% деңгейінде болса, тау-кен ісін бітірген түлектердің 95%-ы жұмысқа орналасқан. Түлектерімізге ең ірі жұмыс берушілер — «Казхром» ТҰҚ, KEGOG, АХҚЗ, «Энергосистема» ЖШС, СНПС «Ақтөбемұнайгаз» және «Нектар», «Альтаир» құрылыс компаниялары.

Оған қоса өндірістік тәжірибе маман даярлауда үлкен рөл атқаратынын ескере отырып, өткен жылдан бастап студенттер үшін 1-курста өндіріс орындарына шолу тәжірибесі енгізілді.

Тәжірибемізге сүйенсек, түлектердің орташа жұмыс іздеу ұзақтығы 3 айдан аспайды. Металлургия және тау-кен ісі бағыты бойынша түлектердің жұмысқа орналасуын талдау балқытушы, жүк іліруші, дозалаушы, байытушы, бұрғылап жарушы, бұрғылаушы бағыттары бойынша мамандарға сұраныс жоғары екенін көрсетіп отыр. Ал құрылыс, электрэнергетика және көлік салаларында монтаждаушы, қалаушы, бақылаушы-өлшеуші құрылғылар жұмысшылары, энергетиктер, техник мамандар сұранысқа ие. Бұл мамандықтар — жас мамандар үшін мансаптағы алғашқы қадамдары.

Мысалы, түлегіміз Жалғас Мұсабеков «Казхром» ТҰҚ қарасты Ақтөбедегі аса ірі мекеме Ақтөбе ферроқорытпа зауытында еңбек жолын цех балқытушысы ретінде бастап, әрі қарай шебер, өндірістік-техникалық бөлім басшысы, директор орынбасарына дейін өсіп, 2018-2023 жылдары зауыт басшысы болды. Сонымен қатар зауыттың қазіргі басшысы Ержан Абдулабеков те балқытушыдан бастап басшылық қызметке дейінгі барлық сатыдан өтті.

Әрине, жоғары оқу орындары тек инструменталды білімі бар мамандарды ғана емес, жаңаны үйренуге және жаңа ортада, командада жұмыс істеуге бейім, сыни тұрғыдан, кең ауқымды ойлай алатын, шешім қабылдай алатын мамандарды даярлауға ұмтылады. Сондықтан жоғары оқу орындарының түлектері нақты тәжірибелік дағдылармен қатар теориялық білімінің және коммуникативті тұлғалық қабілеттерімен де жұмыс орындарында құнды болуға тиіс.

Десек те, жұмысшы мамандықтардың тартымдылығы мен беделін арттыруға жүйелі жұмыс керек. Бұл ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы — аса маңызды қадам.

Сонымен бірге оқу орындары, әсіресе техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары жұмысшы мамандықтардың жастар арасында қабылдануы бойынша сапалы түсіндіру жұмыстарын жүргізуге тиіс. Қоғамда, соның ішінде өңірлерде жұмысшы мамандықтарға қатысты таптаурын түсініктер әлі де бар.

Сондай-ақ еңбек нарығына да өзгеріс қажет. Өндірістік мекемелер еңбек қауіпсіздігі, еңбек жағдайларын жақсартқаны жөн. Мектеп түлектеріне кәсіби бағдар беру жұмысына кешенді түрде қарау керек. Мектеп, ата-ана, қоғам және мекемелер жаңарған бағдарлау жұмыстарын жолға қойғанда мәселе шешіледі. Қарапайым жұмысшы мамандықтарда жоғары жалақы алатын, әріптестерінің арасында беделге ие мамандар рөлдік модельдер ретінде кеңінен насихатталғаны абзал. «Адал азамат — адал еңбек — адал табыс» қағидаты жастар санасына осылайша сіңіріледі.

**Лаура ҚАРАБАСОВА,**
**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректоры,**
**Ұлттық құрылтай мүшесі**

☑ Internationalization of universities

# ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИЯ ВУЗОВ КАЗАХСТАНА:

## ШАГ К СТАНДАРТАМ МЕЖДУНАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

**В Послании народу Казахстана от 2 сентября 2024 года Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил: «Правительством осуществляется интернационализация высшего образования – в страну привлечены 23 известных зарубежных вуза. Надо оказать всяческое содействие их деятельности, в том числе путем поэтапного расширения госзаказа на подготовку специалистов».**

На сегодняшний день заключены партнерские соглашения с 34 зарубежными вузами. В стране уже функционируют 23 партнерских вузов Великобритании, Италии, Китая, России, США, Франции и Южной Кореи. В 2025 году предстоит реализовать еще 11 соглашений.

Сегодня в стране обучаются почти 30 тысяч иностранных студентов, на базе существующих зарубежных университетов создают научно-исследовательские центры и реализуют инвестпроекты.

В рамках стратегии интернационализации высшего образования до 2025 года запущена стипендиальная программа для иностранных граждан, в том числе для лиц казахской диаспоры, не являющихся гражданами Республики Казахстан.

2024-2025 учебном году по стипендиальной программе для иностранных граждан в 37 вузах Казахстана принято 550 обучающихся (бакалавриат – 490, магистратура – 50, докторантура – 10).

Стипендиальная программа включает бесплатное образование и ежемесячную стипендию.

**Пресс-служба МНВО РК**



**Людмила Мясникова, Член Правления НАО «Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова», проректор по академическим вопросам**

# РАСТЕТ ИНТЕРЕС МЕЖДУНАРОДНЫХ СТУДЕНТОВ К НАШЕМУ КАМПУСУ

**В 2023 году, в соответствии с поручением Президента РК Касым-Жомарта Токаева об открытии кампусов зарубежных вузов в нашей стране, на базе АРУ имени К. Жубанова начал работу Актюбинский кампус старейшего британского университета Heriot-Watt. Благодаря проведённой колоссальной работе нашей команды, руководство Heriot-Watt University для открытия своего кампуса выбрало именно Западный регион.**

Образовательные программы для Актюбинского кампуса были разработаны с учетом потребностей промышленного кластера и запросов индустрии в технических специальностях, которые актуальны для Западного региона. Кампус британского университета работает по трём образовательным программам бакалавриата: «Компьютерная инженерия», «Электроэнергетика», «Нефтяная инженерия и энергоменеджмент». Для наших студентов это уникальная возможность – получить высшее образование международного образца, оставаясь в родной стране. Мы готовим специалистов, которые смогут быть конкурентоспособными как на региональном, так и на международном рынке труда.

Именно поэтому с каждым годом растет интерес международных студентов к нашему кампусу. Главными критериями выбора учебного заведения для них являются высокий уровень качества обучения и перспективы будущей специальности. Следует подчеркнуть, что в университете обучаются не только казахстанские студенты, но и молодежь из стран СНГ и Европы, включая Германию и Китай. В прошлом году в кампус были зачислены студенты из Узбекистана и России.

В предыдущем Послании Президент сделал акцент на интернационализации высшего образования. Присутствие иностранных студентов в нашем университете создает уникальную атмосферу для языковой практики и культурного обмена, что делает нашу образовательную среду более насыщенной и интересной.

В рамках академической мобильности весь год в Актюбинском кампусе шел непрерывный учебный процесс с участием опытных профессоров из зарубежных кампусов Heriot-Watt, приезжавших не только для проведения теоретических и практических занятий, но и с целью мониторинга качества преподавания своих образовательных программ и проведения экзаменов. Международные специалисты играют важнейшую роль в гарантии академической честности образовательного процесса.

Добавлю, что в сентябре прошлого года Zhubanov University посетила делегация представителей профессорско-преподавательского состава университета Heriot-Watt во главе с ректором Марком Биггсом. Вместе с зарубежными партнерами мы обсудили стратегический план развития Актюбинского кампуса.

Мы гордимся тем, что в нашем кампусе трудятся как иностранные специалисты, так и казахстанцы с международными дипломами и богатым бэкграундом, активно ведущие научно-исследовательскую деятельность. В прошлом году старший преподаватель Актюбинского кампуса Heriot-Watt Тилектес Шугаева получила грант на проект «Разработка энерго- и масс-анализаторов для космических исследований».

Для нас очень важно, чтобы студенты повышали уровень знаний и развивали свои профессиональные навыки и компетенции. Недавно, в рамках программы академической мобильности, две группы студентов из Актюбинского кампуса были отправлены на обучение в кампусы Heriot-Watt, расположенные в Эдинбурге и Малайзии. Программа «Go global» дает возможность талантливой молодежи ознакомиться с мировыми стандартами образования и почувствовать себя частью глобального студенческого сообщества.

Для того, чтобы обеспечить нашим студентам комфортные условия для обучения и повысить качество образовательного процесса, мы активно модернизируем материально-техническую базу Zhubanov University и Актюбинского кампуса Heriot-Watt University.

Актюбинский кампус британского вуза Heriot-Watt нацелен на дальнейшее сотрудничество с международными партнерами, развитие новых программ и углубление взаимосвязей с индустрией. Мы уверены, что вместе с нашими студентами, преподавателями и партнерами мы создадим благоприятную образовательную среду, которая способствует всестороннему развитию и профессиональным успехам наших выпускников.

☑ Winter school — 2025

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Zhubanov University өткізетін дәстүрлі Қысқы мектеп жобасы биыл үшінші рет ұйымдастырылды. Тақырыбы жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді тиімді ұйымдастыру мәселесіне арналды.**

2025 жылдың 5-10 қаңтары аралығында өткен іс-шараға университеттің профессор-оқытушыларымен қатар менторлар да қатысты. Бұл тек біліктілікті арттыру алаңы ғана емес, сонымен қатар педагогтарға тәжірибе алмасу мүмкіндігін туғызатын маңызды шара болды.



Қысқы мектеп барысында өткен дәрістер мен тренингтерді «Педагогикалық білім беруді жаңғырту» жобасы аясында инклюзивті ортада тиімді коммуникация терапиясы мен инклюзивті білім беру моделін дамыту бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен оқытушылар жүргізді.

Іс-шараға қатысушылар инклюзивті білім беру қағидаттары мен әдістемелерін оқу процесіне енгізу, ерекше қажеттіліктері бар студенттер үшін кедергісіз орта құру, сондай-ақ отандық және халықаралық озық тәжірибелермен танысу мәселелерін кеңінен талқылады. Сонымен қатар шара барысында семинарлар мен практикалық сабақтар ұйымдастырылып, инклюзивті білім беру саласындағы соңғы үрдістер мен жаңалықтар қарастырылды.

Қысқы мектеп — 2025 қорытындысында оған қатысқан 120-ға жуық профессор-оқытушылар мен менторларға сертификаттар табысталды.

Қысқы мектеп тыңдаушыларына сондай-ақ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Ақтөбе филиалы бойынша спикерлер де дәріс өткізді. Олар «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды инклюзивті білім беру үрдісіне қосу», «Қазақстандағы инклюзивті білім берудің контексті және заңнамалық негізі», «Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйелерінің инклюзивті әдістемелері» тақырыптарын талдады. Сонымен қатар университеттің «Денсаулық және салауаттылық» орталығының психолог- мамандары да жалпы тақырыпқа байланысты психологиялық тренинг ұйымдастырды.

Университет ректоры Лаура Қарабасова тыңдаушыларға сертификат табыстау кезінде Қысқы мектептің басты мақсаты тек ұжымдық ынтымақтастықты дамыту ғана емес, сондай-ақ өмір бойы оқу қағидатын, оқыту мәдениетін қалыптастыру екенін атап өтті.

**Жадыра Әрен,**
**Zhubanov University**
**Баспасөз қызметі**

## ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ҚҰРУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ — ӨЗЕКТІ




**2025 жылдың 5-10 қаңтар арасында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде өткен "Қысқы мектеп – 2025" жобасы инклюзивті білім беру мәдениетін қалыптастыруға арналған болатын. "ЖОО инклюзивті білім беруді ұйымдастыру" тақырыбындағы бұл жоба университетіміздің профессор-оқытушылар құрамының кәсіби білігі мен дағдыларын кеңейтіп, өзара тәжірибе алмасуға арналды. Аталған жобаның биылғы жылы инклюзивті білім беру саясаты төңірегінде ұйымдастырылуы еліміздегі ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды қолдау мен қорғаудағы толерантты көзқарасты танытуды көздеді.**

Инклюзия мәселесінің қолдау мен қорғау, ерекше тұлғалардың құқығын сақтау, оларды инклюзивті қоғамға қосу мәселесі төңірегіндегі ойлар мен көзқарастарды зерделеу, оны жүзеге асыру және білім беру саясатына негізделген көрініс екендігі осы жоба барысында университетіміздің ПОҚ арасындағы өткен пікірталастар мен талдауларда айқын көрініс тапты. Мұның өзі ЖОО мамандарының инклюзия мәселесіне әрбіреуінің тікелей жауапты екендігін көрсетті. ЖОО инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға арналған жобада білім беру парадигмасындағы инклюзивті білімнің тұрақтылығы, дәйектілігі мен жүйелілігі, оны жетілдіру жайы талданып, әр түрлілікті қолдау мен оған абыройымен қарау қажет деген сенімге негізделген білім берілу керектігі туралы пікірлесу жұмыстары жүргізілді.

Инклюзивті қоғам құрудың қажеттілігі білім беру саласында ғана емес, денсаулық сақтау, әлеуметтік мәселелер мен еңбекті қолдау, транспорт және коммуникация салаларында қарастырылып отырған өзектілігі жоғары мәселе екендігі қызу талқыланды. Инклюзивті білім беру ғана емес, инклюзивті қоғам құру мәселесіне ұлттық форумдарда, аймақты және жаһандық платформаларда тәжірибе алмасу арқылы қол жеткізуге болатындығы жайындағы болжамдар айтылды. Ол үшін ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды жан-жақты қолдау мен қорғау мәселесінің мемлекет деңгейінде қолға алынып, қоғам мүшелерінің арасында ақпараттандыру, насихаттау жұмыстарын күшейтудің жолдары қарастырылды. Сонымен бірге жалпы білім беретін мектептер мен ЖОО арасындағы сабақтастық барысында инклюзивті білім беруді құрудағы ресурстық орталықтар жұмысын жандандыру, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, ерте диагностикалау мен алдын алу, ауылдық мектептердегі инклюзивті білім беруді жетілдіру, техникалық және кәсіптік білім алушыларды, ЖОО-да білім алушыларды, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқыту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру мен күшейту кезек күттірмейтін мәселе екендігі талқыланды.

"Қысқы мектеп — 2025" жобасы инклюзивті білім беру мәдениетін қалыптастыру мақсатында өтті. Бұл жоба университетіміздің ПОҚ кәсіби білімі мен дағдыларын тереңдетуде "ЖОО инклюзивті білім беруді ұйымдастыру" тақырыбына арналды. ПОҚ арасындағы тәжірибе алмасу мен білімді тереңдету жұмысының тиімді тұстары мол болды.

Аталған жобада спикер ретінде атқарылған жұмыстар үшін университет ректоры атынан Алғыс хатпен марапатталдым.

**Майра Балтымова,**
**педагогика магистрі**
**Zhubanov University**
**Педагогика және білім беру менеджменті факультеті,**
**"Психология және арнайы педагогика" кафедрасы**

☑ 95 years since the birth of Eset Kudaibergenov

# ЖҰБАНОВТАНУ:
## қазақ тіл біліміндегі отбасылық дәстүрдің сабақтастығы



**Көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Құдайбергенұлы Жұбанов 1929 жылы 22 қарашада Ақтөбе қаласында дүниеге келген.**

**1951 жылы Абай атындағы педагогикалық институтын бітірген.**

**1951-1957 жылдары Петропавл педагогикалық училищесінің оқытушысы, Солтүстік Қазақстан облысының мұғалімдер білімін жетілдіру институтының бөлім меңгерушісі, оқу бөлімінің нұсқаушысы және “Қазақстан мұғалімі” газетінде қызмет атқарды.**

**1957-1959 жылдары Тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер, 1959-1961 жылдары осы институттың аспиранты, 1962-1991 жылдары кіші, аға ғылыми қызметкер болған.**

**1991 жылдан Ақтөбе мемлекеттік университетінде доцент, "Жұбановтану" ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі қызметін атқарады. Бұл қызметте өмірінің соңына дейін (2007 ж.) болды.**

**Негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстары қазақ эпостарының тілін, әдеби тіл тарихын талдауға арналған.**

**1967 жылы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу эпосының тілі жөнінде» деген тақырыпта кандидаттық, «Халық әдебиеті тілін зерттеудің лингво-стилистикалық аспектілері» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. 150 ден астам ғылыми еңбектердің авторы.**

Профессор Құдайберген Жұбанов — XX ғасырдың басында қазақ тіл білімінің қалыптасуына зор үлес қосқан көрнекті ғалым. Оның ғылыми қызметі қазіргі кезде терең зерттеліп, «Жұбановтану» деп аталатын арнайы бағытқа айналды. Бұл бағыт қазақ тіл білімінің іргетасын қалаған ғалымдардың еңбектерін тану мен зерттеу арқылы жалғасын табады. Қазіргі уақытта профессор Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұралары кеңінен зерттеліп отыр. «Жұбановтану» саласы Құдайберген мен Ахмет Жұбановтардың ғылыми мұрасын терең зерттеуге арналған ерекше бағыт ретінде қалыптасты. Бұл сала қазақ тілінің құрылымын терең зерттеу, тіл біліміндегі әдіс-тәсілдерді жаңғырту, тілдің әлеуметтегі орны мен рөлін айқындау бағытында жүргізіледі. Жұбановтану зерттеулерінің басты мақсаты — ғалымдардың ғылыми мұраларын толық ашып көрсету және олардың еңбектерінің қазақ тіл біліміне қосқан маңызды үлесін жаңаша тұрғыдан бағалау болып табылады.

Жұбановтану саласында зерттеулерді одан әрі жалғастырудың негізгі бағыттары: Құдайберген Жұбановтың тіл біліміндегі теориялық еңбектерін қазіргі зерттеу әдіс-тәсілдерімен салыстыра отырып, оның ғылыми жаңалықтарын кеңінен талқылау, сондай-ақ оның ұрпақтары – Есет және Асқар Жұбановтардың тіл ғылымындағы орны мен олардың зерттеу жұмыстарының маңыздылығын бағалау. Бұл бағыттар қазақ тілін зерттеуде тарихи сабақтастықты сақтай отырып, тіл ғылымын жаңа кезеңге алып келеді.

Қазақ тіл білімінде ерекше орны бар тұлға — Есет Жұбанов. Оның ғылыми еңбектері мен педагогикалық қызметі қазақ тілінің зерттелуі мен дамуына үлкен үлес қосқан. Есет Жұбанов қазақ тіл біліміндегі отбасылық дәстүрдің жалғастырушысы саналады, себебі оның әкесі, ұлы ғалым Құдайберген Жұбанов қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі еді. Осы мақалада біз жұбановтанудың қазақ тіл біліміндегі отбасылық дәстүрін, оның сабақтастығын және Есет Жұбановтың бұл саладағы рөлін қарастырамыз.




**Жұбановтар әулетінің қазақ тіл біліміндегі орны.** Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуының негізін қалаған ғұлама ғалымдардың қатарында Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Құдайберген Жұбанов, Есмағамбет Омаров және Қошке Кеменгерұлы секілді тұлғалардың еңбектері ерекше маңызға ие. Бұл ғалымдар қазақ тілінің зерттелуі мен ғылыми жүйенің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан. Осындай айтулы ғалымдардың қатарында профессор Құдайберген Жұбанов қазақ тілінің болашағы үшін үздіксіз еңбек етіп, артына мол ғылыми мұра қалдырған ұлы тұлға ретінде айрықша аталады.

**Есет Жұбановтың қазақ тіл біліміндегі еңбегі.** Есет Жұбанов — Құдайберген Жұбановтың ұлы, әке дәстүрін жалғастырған ғалым.

Біріншіден, жұбановтанушы. Есет Жұбанов — қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі Құдайберген Жұбановтың ұлы әрі оның ғылыми мұрасын жалғастырушы. Ол әкесінің еңбектерін терең зерттеп, қазақ тіл біліміне қосқан үлесін насихаттау жолында ауқымды жұмыстар атқарды. Құдайберген Жұбановтың ғылыми идеяларын дамыта отырып, қазақ тілінің фонетикасы, грамматикасы және жалпы тілдік ерекшеліктеріне арналған зерттеулерді жетілдірді. Сонымен қатар, Ахмет Жұбановтың музыкалық мұрасын да зерттеп, насихаттау ісіне ерекше үлес қосты. Ол Ахмет Жұбановтың «Ән-күй сапары» атты көлемді еңбегін жинақтап, жариялауға тікелей қатысып, қазақ музыкасының тарихы мен мәдениетін дәріптеуге де атсалысты. Есет Жұбанов қазақ тіл біліміндегі Жұбанов мектебінің жалғасы ретінде оның ғылыми және мәдени дәстүрлерін сақтап қана қоймай, оларды жаңа қырынан зерттеді.

Екіншіден, фольклортанушы. Есет Жұбанов — қазақ фольклорын зерттеуде үлкен жетістікке жеткен ғалым. Ол «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Қобыланды батыр» сияқты эпикалық жырлардың мәтіндерін зерттеп, олардың стильдік, лингвистикалық, поэтикалық ерекшеліктерін талдады. Профессор М.Малбақовпен бірге эпостардың түркі халықтарындағы түрлі нұсқаларын салыстыра отырып, олардың лексикалық, семантикалық, этимологиялық және диалектологиялық қырларын терең талдап, бұл жырлардың түркі халықтарының мәдениетіне ортақ құндылық ретіндегі орнын анықтады. Есет Жұбановтың фольклор тілін зерттеуі қазақ әдебиеті мен тілінің тарихи сабақтастығын терең түсінуге мүмкіндік берді.

Үшіншіден, тіл тарихын зерттеген ғалым. Есет Жұбанов қазақ тілінің тарихи даму үдерістерін зерттеуге ерекше көңіл бөлді. Оның зерттеулері қазақ тілінің қалыптасуындағы тарихи кезеңдер, ежелгі түркі тілдерімен байланысы және диалектілік ерекшеліктерді талдау арқылы тіл тарихын жүйелеуге бағытталды. Ол көне жазба ескерткіштердегі тілдік ерекшеліктерді қазақ тілінің қазіргі қолданысымен байланыстыра отырып, тілдің даму заңдылықтарын анықтады. Есет Жұбановтың еңбектері қазақ тілінің тарихын зерттеуге негіз болған маңызды ғылыми дереккөздер ретінде танылды.

Ғалым Есет Жұбанов еңбектеріндегі ғылыми құнды ойлардың бірі — «әдеби тіл» ұғымына қатысты тұжырымдары. Ол фольклор тілін әдеби тілдің бастауы және алғашқы қалыптасқан үлгісі ретінде қарастырып, эпикалық жырлардың тілдік ерекшеліктерін зерттеу арқылы әдеби тілдің негізін тек тайпалық диалектілер ғана емес, жоғары деңгейде қалыптасқан «көсем тіл» (төл әдеби тіл) құрайтынын дәлелдеді.

Есет Жұбановтың қазақ тіл біліміндегі еңбегінің маңызды аспектісі — тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын түсінуі. Ол тілдің құрылымын зерттеумен қатар, оның қоғамдағы рөліне де назар аударды. Тілді тек қана грамматикалық тұрғыдан зерттеу емес, оны мәдени-әлеуметтік контекстінде талдау қажет деп санайтын ғалым қазақ тілін халықтың рухани мұрасы ретінде қарастырып, оның сақталуы мен дамуына үлес қосқан.

**Отбасылық дәстүрдің сабақтастығы.** Жұбановтар әулетінің қазақ тіл біліміндегі дәстүрі — тек ғылыми еңбектермен ғана емес, сондай-ақ педагогикалық қызметпен де ерекшеленеді. Ахмет Жұбанов қазақ тіл білімінің теориялық негіздерін қалап, оның негізінде оқу бағдарламаларын жасап шығарса, Есет Жұбанов бұл дәстүрді жалғастыра отырып, көптеген шәкірт тәрбиелеп, оларды тіл ғылымына баулыды. Есет Жұбановтың қызметінде педагогикалық әдістер мен ғылыми-зерттеу тәсілдерінің сабақтастығы өте айқын байқалады.

Есет Жұбанов қазақ тілінің жүйесін зерттеу мен оны оқыту тәсілдеріне ерекше көңіл бөліп, қазақ тіл білімінің дамуына ықпал еткен ғылыми мектептің негізін қалады. Ол ұрпақтан ұрпаққа жеткізілуге тиіс тіл білімінің құндылықтарын насихаттап, көптеген ғылыми жұмыс пен оқу құралын жазды. Бұл жұмыс оның әкесінің қазақ тіл ғылымына қосқан үлесін кеңейту және жаңа деңгейге көтеру болды.

**Қазақ тіл білімінің қазіргі дамуы.** Есет Жұбановтың еңбектері бүгінгі қазақ тіл білімінің қалыптасуына маңызды әсер етті. Оның ғылыми тұжырымдары мен зерттеу тәсілдері бүгінгі тілші-ғалымдарға жол сілтеді. Жұбановтардың отбасылық дәстүрі — тек ғылыми жұмыспен шектелмей, сондай-ақ тіл мен мәдениеттің сабақтастығы, халықтың тілдік санасын қалыптастыру мен сақтау мәселелерін қамтиды.

Қазіргі қазақ тіл білімінің өзекті мәселелеріне зерттеу жұмыстарын жалғастырып келе жатқан ғалымдар мен зерттеушілер Жұбановтар әулетінің ізімен қазақ тілін тереңірек зерттеуге, оның әртүрлі аспектілерін қарастыруға ұмтылады. Жұбановтар әулетінің отбасылық дәстүрі қазақ тілінің тұтастығын сақтауға және оны дамытуға ықпал етеді.

Жұбановтар әулетінің қазақ тіл біліміндегі рөлі ерекше маңызды. Құдайберген Жұбановтың ғылыми еңбектері мен педагогикалық қызметі қазақ тіл білімінің іргетасын қалады. Бұл отбасылық дәстүр бүгінгі күнге дейін қазақ тіл білімінің дамуына, оның ұлттық мәдениетпен байланысына айтарлықтай әсерін тигізіп келеді. Асқар Жұбановтың ғылыми қызметі де осы дәстүрдің жалғасы болып, бүгінде цифрлық технологиялар деп аталатын жаңа саланың қажеттіліктеріне бағытталды. Ол Қазақ тілінің ұлттық корпусын (https://qazcorpus.kz/) құрудың негізін қалаушы ретінде танылып, тілдік деректерді сандық түрде жинақтау және жүйелеу әдістерін енгізу арқылы қазақ тілінің дамуына зор үлес қосты. Ал Есет Жұбановтың еңбектері болса, қазақ тіл біліміндегі сабақтастықты, ғылыми ізденісті және педагогикалық дәстүрді айқындайтын жарқын мысал ретінде қазақ тіл ғылымының дамуын жаңа деңгейге көтерді.

**Әйгерім Мұрсал,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты Тіл тарихы және
түркология бөлімінің ғылыми қызметкері,
PhD докторант**

## ☑ Main news



## СОҒЫС АРДАГЕРІ 101 ЖАСТА

Ақтөбе өңірінде бүгінде көзі тірі жалғыз соғыс ардагері қалды. Ол — Хромтау ауданының тұрғыны Грецкий Василий Иванович, қаңтар айында 101 жасқа толды.

Ғасырдан астам ғұмыр иесін Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Шаңғұтов пен Хромтау ауданының әкімі Нұрхан Тілеумұратов құттықтады.



Василий Иванович 1924 жылы Беларусь елінде дүниеге келген. Ол 1942 жылы майданға аттанып, Украинаның, Беларусьтің, Польшаның, Чехословакияның және Германияның майдандарында жаумен шайқастарға қатысқан. Ұлы жеңіс күнін Берлиннен 75 шақырым жерде орналасқан госпитальде қарсы алған. Ардагер 3 баласынан 6 немере, 10 шөбере сүйіп отыр.

Василий Ивановичтің өмір жолы ұрпаққа үлгі. Алдағы Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойында Василий Иванович Грецкий бас куәгері ретінде құрметке бөленбек.

## ВЕТЕРАНУ ВОЙНЫ 101 ГОД

В Актюбинском регионе на сегодня проживает единственный ветеран войны. Жителю Хромтауского района Грецкому Василию Ивановичу в январе исполнился 101 год.

Долгожителя поздравили председатель областного совета ветеранов Серик Шангутов и акима Хромтауского района Нурхан Тлеумуратов.

Василий Иванович родился в 1924 году в Беларусии. Он отправился на войну в 1942 году и участвовал в боях на фронтах Украины, Беларусии, Польши, Чехословакии и Германии. День Победы встретил в госпитале, расположенной в 75 километрах от Берлина. Ветеран окружен заботой 6 внуков и 10 правнуков от 3 детей.

Жизненный путь Василия Ивановича — пример для поколений. На 80-летие предстоящей Великой Победы Василия Ивановича Грецкого чествуют как главного свидетеля.

## THE WAR VETERAN IS 101 YEARS OLD

The only war veteran currently lives in the Aktobe region. Vasily Ivanovich Gretsky, a resident of the Khromtau district, turned 101 in January.

Chairman of the regional Council of veterans Serik Shangutov and Akim of Khromtau district Nurkhan Tleumuratov congratulated the centenarian.

Vasily Ivanovich was born in 1924 in Belarus. He went to war in 1942 and participated in battles on the fronts of Ukraine, Belarus, Poland, Czechoslovakia and Germany. Victory Day was celebrated at a hospital located 75 kilometers from Berlin. The veteran is surrounded by the care of 6 grandchildren and 10 great-grandchildren from 3 children.

Vasily Ivanovich's life path is an example for generations. On the 80th anniversary of the upcoming Great Victory, Vasily Ivanovich Gretsky is being honored as the main witness.

## ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗЫ

Қаңтардың 14-і қазақ қызы, Кеңестер Одағының батыры Әлия Молдағұлованың Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан күні. Биыл 81 жыл толған еске алу күніне облыс әкімі Асхат Шахаров, облыстық және қалалық мәслихаттардың төрағалары, "AMANAT" партиясы мен облыстық және қалалық Ардагерлер кеңесінің өкілдері, облыстық қорғаныс департаменті, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Әуе қорғаныс күштері әскери институтының, әскери бөлімдер және жергілікті жоғары оқу орындарының өкілдері және Әлия Молдағұлованың туыстары қатысты.

Батыр қыздың мемориалдық кешеніне жиналғандардың алдында өңір басшысы Асхат Шахаров сөз сөйледі.

"Биыл батыр апамыздың туғанына 100 жыл толады. Осыған орай өңірде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев "Ana tili" газетіне берген сұқбатында Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге ерекше назар аударылатынын, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және Хиуаз Доспанованың өшпес ерліктерін жадымызда жаңғыртатынымызды және жауынгерлеріміздің есімдерін халық жадында сақтауға қатысты зерттеу жұмыстары жалғасатынын атап өтті.

Отан үшін от кешкен жерлесіміздің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Әлия Молдағұлованың есімі ғасырлар бойы даңққа бөленеді, ал оның батылдығы мен Отанға деген адалдығы туралы естеліктер болашақ ұрпаққа тәлім, нағыз құнды қазына", — деді облыс әкімі.

Мемориалдық кешенге гүл шоғын қою рәсіміне Zhubanov University ректоры Лаура Карабасова да қатысты.

"Биыл екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толады. Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай зерттеулер тың қарқынмен жалғасады деп сенім білдірді.

Ақтөбе облысында атаулы күнге байланысты мәні зор іс-шаралар басталды. Біздің университетімізде профессор Абоплаев Нұртаза, Маден Асылбек, Алику- лова Нұрлыгүл секілді ғалымдарымыз осы тақырыпты зерттеп, ғылыми зерттеу институттарымен біріккен шаралар жоспарлауда.

Еліміз аман, Әлия Молдағұловадай өршіл апамыздың тағылымын еске сақтайтын жастарымыз білімді, рухты болсын!", — деді Facebookтағы парақшасындағы арнайы постында ректор. Аты аңыз мерген жерлесіміз Әлия Молдағұлова Ұлы Отан соғысы жылдарында 2-ші Балтық майданының 22-ші армиясының 54-ші жеке атқыштар бригадасында қызмет етті. 1944 жылы 14 қаңтарда Псков облысының Новосокольники қаласының маңындағы ауыр шайқаста көз жұмды. Сол жылы оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.




Ақтөбе облысында Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуын мерекелеу аясында 100 іс-шара ұйымдастырылмақ.

Сондай-ақ Ақтөбе қаласында заманауи "Әлия" мәдени-патриоттық орталығы салынады.

## КАЗАХСКАЯ ДЕВУШКА-ГЕРОЙ

14 января на фронте в Великую Отечественную войну героически погибла казахская девушка — герой Алия Молдагулова. В мероприятии по случаю 81-го года памяти приняли участие аким области Асхат Шахаров, председатели областных и городских маслихатов, партии "AMANAT", областного и городского совета ветеранов, Департамента обороны области, военного института Сил воздушной обороны имени дважды Героя Советского Союза Т. Ж. Бигельдинова, воинских частей, местных высших учебных

заведений и родственники Алии Молдагуловой.

Перед собравшимися на мемориальном комплексе Алии выступил глава региона Асхат Шахаров.

"В этом году исполняется 100 лет со дня рождения Алии Молдагуловой. В этой связи в регионе планируется организовать масштабные мероприятия. Президент страны Касым-Жомарт Токаев в интервью газете "Ana tili" отметил, что особое внимание будет уделено празднованию 80-летия Великой Победы, мы будем помнить о бессмертных подвигах Алии Молдагуловой, Маншук Маметовой и Хиуаз Доспановой, а также продолжим исследовательскую работу для сохранения имен наших героев. Подвиг нашей землячки в памяти народа. Имя Алии Молдагуловой прославляется веками, а воспоминания о ее мужестве и верности Родине — это настоящее сокровище, наставление для будущих поколений", — сказал аким области.

В церемонии возложения цветов к мемориальному комплексу приняла участие ректор Zhubanov University Лаура Карабасова.

"В этом году исполняется 80 лет со дня окончания Второй мировой войны. На Национальном курултае в Атырау глава государства выразил уверенность, что исследования, посвященные событию, продолжатся высокими темпами. В Актюбинской области стартовали значимые мероприятия, связанные с памятной датой. В нашем университете профессор Аболлаев Нуртаза, Маден Асылбек, Аликулова Нурлыгуль изучают эту тему и планируют совместные мероприятия с научно-исследовательскими институтами. Пусть наша молодежь, которая знает историю доблести Алии Молдагуловой, будет образованной, энергичной!" — написала руководитель ВУЗа в специальном посте на своей странице в Facebook.

Легендарный снайпер Алия Молдагулова в годы Великой Отечественной войны служила в 54-й отдельной стрелковой бригаде 22-й армии 2-го Балтийского фронта. Погибла 14 января 1944 года в тяжелом бою под городом Новосокольники Псковской области. В том же году ей было присвоено звание Героя Советского Союза.

В Актюбинской области в рамках празднования 100-летия со дня рождения Алии Молдагуловой будут организованы 100 мероприятий.

Также в городе Актобе будет построен современный культурно-патриотический центр "Алия".

## THE KAZAKH HERO GIRL

On January 14, Aliya Moldagulova, a Kazakh girl hero, died heroically at the front in the Great Patriotic War. On the occasion of the 81st anniversary, Akim of the region Askhat Shakharov, chairmen of regional and city maslikhats, the AMANAT party, the regional and city Council of Veterans, the Department of Defense of the region, the military Institute of the Air Defense Forces named after twice Hero of the Soviet Union T. Zh. Bigeldinov, military units, local universities and relatives of Aliya took part in the event. Moldagulova.

The head of the region, Askhat Shakharov, addressed the audience at the Aliya memorial complex.

"This year marks the 100th anniversary of Aliya Moldagulova's birth. In this regard, it is planned to organize large-scale events in the region. President Kassym-Jomart Tokayev, in an interview with the Ana tili newspaper, noted that special attention will be paid to the celebration of the 80th anniversary of the Great Victory, we will remember the immortal exploits of Aliya Moldagulova, Manshuk Mametova and Hiuaz Dospanova, and we will continue research to preserve the names of our heroes.

The feat of our countryman is in the memory of the people. Aliya Moldagulova's name has been glorified for centuries, and the memories of her courage and loyalty to the Motherland are a real treasure, an instruction for future generations," said the governor of the region.

The rector of Zhubanov University, Laura Karabasova, took part in the flower-laying ceremony at the memorial complex. "This year marks the 80th anniversary of the end of the Second World War. At the National Kurultai in Atyrau, the head of state expressed confidence that research on the event would continue at a high pace. Significant events related to the memorable date have started in Aktobe region. At our university, Professor Abdollaev Nurtaza, Maden Asylbek, and Alikulova Nurlygul are studying this topic and planning joint events with research institutes. May our youth, who know the story of Aliya Moldagulova's valor, be educated and energetic!" - the head of the university wrote in a special post on her Facebook page.

Legendary sniper Aliya Moldagulova served in the 54th Separate Rifle Brigade of the 22nd Army of the 2nd Baltic Front during the Great Patriotic War. She died on January 14, 1944 in a heavy battle near the town of Novosokolniki, Pskov region. In the same year, she was awarded the title Hero of the Soviet Union.

100 events will be organized in Aktobe region as part of the celebration of the 100th anniversary of Aliya Moldagulova's birth. A modern cultural and patriotic center "Aliya" will also be built in Aktobe.



Universiade 2025

# ШАҢҒЫ СПОРТЫ —

2025 жылдың 13 қаңтар күні Италияның Турин қаласында XXXII Дүниежүзілік қысқы студенттік универсиаданың салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Еліміздің туын хоккейші Абылайхан Сүлейменов пен фристайл шебері Аяулым Әмренова ұстап шықты.

Қазақстанның намысын 10 спорт түрінен (биатлон, шаңғы жарысы, қысқы спорттық бағдарлау, фристайл, мәнерлеп сырғанау, шайбалы хоккей (ерлер, әйелдер), парашаңғы жарысы, тау шаңғысы жарысы, шорт-трек) 103 спортшы қорғады. Универсиада он күнге жалғасты.

Универсиада нәтижесі бойынша Қазақстан үздік жеті команданың қатарына енді.

Қазақстан командасы дүниежүзілік доданы үш алтын, төрт күміс және жеті қола медальмен аяқтады. Жүлделердің жалпы есебі бойынша сөйтіп еліміз үздік жетілікте бой көрсетті.

XXXII Дүниежүзілік қысқы студенттік универсиадаға қатысушылар қатарында Zhubanov University "Дене шынықтыру және спорт" мамандығының 3 курс студенті, шаңғы спортынан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, бірнеше дүркін жастар арасындағы Әлем чемпионатына қатысушы, бірнеше дүркін Шығыс Европа кубогінің жүлдегері Ернұр Бексұлтан болды. Ернұр бұл спорт түрінен Қазақстан бойынша іріктеуге қатысқан 120 спортшының ішінен таңдалған ең мықты 12 спортшының арасында Универсиадаға аттанған болатын. Өкінішке қарай ол үшін студенттік спорт ойындары сәтсіз аяқталды. Дегенмен спортшы үшін бұл үлкен өмірлік тәжірибе. XXXII Дүниежүзілік қысқы студенттік универсиада қатысушысы, жас шаңғышы Ернұр Бексұлтанмен телефон арқылы хабарласып, қысқа сұқбат алып, оған деген мақтаныш сезімімізді жеткіздік.



# КҮРДЕЛІ

**— Универсиада ойындарынан алған тәжірибеңіздің өзі үлкен жетістік. Біз сіздей спортшымен мақтанамыз. Ірі спорт додасына алғаш қатысуыңыз болса керек?**

— Саламатсыз ба, рақмет қолдауыңызға, жалпы өзім академиялық білім алып жатқан университетіме шексіз ризашылығымды білдіремін, маған видео жіберіп, қанаттандырды. Жоқ, бұл менің екінші қатысқан Универсиадам болатын.

**— Өзіңіз айналысатын шаңғы спортының меніңше популяризациясы төмен сияқты. Сондықтан болар өңірімізде танымал шаңғышылар аз. Бұл спорттың қандай негізгі ерекшелігі бар?**

— Бұл спорттың популяризациясы төмен емес, шаңғы спорты күрделі, өте қиын спорттың түріне жатады, басқа спорттағы сияқты жарыстарда ұпай берілмейді, төрешілер шешпейді, шаңғышы тек өзінің жаттығу кезінде қалай жұмыс жасауына байланысты нәтижеге қол жеткізе алады.

**— Турин универсиадасына қайта оралайық. Академиялық білім ала жүріп, спортпен профессионалды түрде шұғылдану оңай емес. Басқа елдердің студент-спортшыларымен танысып үлгерген шығарсыз. Нендей айырмашылық байқадыңыз? Көпшілігі Дене шынықтыру және спорт мамандығына оқып жүрген болар?**

— Ия, Универсиада студенттік спорт ойындары болғасын барлық қатысушылар студенттер. Спорт тек таныстырып қана емес, достастырады да. Жарыс алаңында кездесіп, танысып, достасып кеткен спортшылар көп. Жапон, неміс, корей спортшы достарыммен араласып тұрамын.

**— Шаңғы спортына қызығушылық қашан басталып еді?**

— Шаңғы спортына қызығушылығым 8 жасымда басталды, қазір жасым 22-де. 3-ші класс оқып жүргенде жиен ағам қатысып бастады, соның артынан еріп, мен де осы спортқа келдім.

**— Алда тағы қандай межелер бар?**

— Алда негізі жарыс көп, биыл ірі додадан басталған жарысым ойдағыдай болмады, дегенмен өз еліміздің ішіндегі жарыстарға қатысатын боламын.

**Студент-шаңғышыға сәттілік тілеген журналист Гүлнара Қараша**

## Тарихи деректер

Шаңғы спортынан алғашқы ресми жарыс 1767 жылы Норвегияда өтті. Соған қарамастан шаңғы спорты ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында қашан Шаңғы спорты клубтары құрылып біткенше қалыптасу кезеңінен өтті деуге болады. 1924 жылы құрамына 24 мемлекеттердің өкілдері енген халықаралық шаңғы бірлестігі құрылды. Осы жылы ол алғаш рет ұйымдастырылған қысқы Олимпиадалық ойындардың бағдарламасына енді (әрине барлық түрлері бірден емес) және ерлер арасында Әлем чмпионаты өтті. Әйелдер арасында Әлем Чемпионаты 1924 жылдан бастап өткізіле бастады.

Шаңғы спорты Қазақстанда, орта ғасырдың бастапқы кездерінен белгілі болса керек. Мұны археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттар дәлелдейді. Тіпті Қытайдың көне жазбаларында олар өздерінің солтүстіктегі көршілерін "ағаш атты түркілер" деп атағандары белгілі. Сондықтан ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның кейбір қалаларында алғашқы шаңғы жарыстары өткендігі ешкімді таң қалдырмаса керек.

1921 жылдан шаңғы спорты мектептердегі оқу бағдарламасына енді. Ал 1927 жылы республикалық алғашқы ресми жарыс өтті. Бірақ жарыс протоколдары 1934 жылдан бастап сақталыпты. Сондықтан құжаттарда алғашқы республикалық чемпионат өткен жыл — 1934 жыл деп есептелініп келеді. Шаңғымен жарысудан алғашқы чемпиондардың есімдері де белгілі. Олар: Г.Гершунова (3 км. — Қарағанды), А.Воронцова (5 км. — Ақтөбе), В.Голубенко (10 және 30 км. — Қарағанды).

**Мәліметтер ашық дереккөзден алынды.**



Inauguration

**Дональд Трамп официально вступил в должность 47-го Президента США. 20 января, Трамп и его вице-президент Джей Ди Вэнс принесли присягу в ротонде Капитолия в Вашингтоне округ Колумбия.**

**Для Трампа это уже вторая инаугурация: в 2017-2021 годах он был 45-м президентом США.**

**Трамп и Вэнс произнесли слова присяги, положив руку на Библию (в целом церемония допускает использование других книг).**

**Трамп использовал сразу две книги: личную Библию, подаренную ему матерью в 1955 году, а также историческую Библию Линкольна — издание в бархатном переплете, которое президент США Авраам Линкольн использовал во время инаугурации в 1861 году.**

**Вэнс тоже воспользовался собственной Библией — он принес на церемонию семейную реликвию, которая принадлежала его прабабушке по материнской линии.**


© Olivier Douliery/abaca/picture alliance

# О СТРАТЕГИИ НОВОГО ПРЕЗИДЕНТА США

Инаугурация Дональда Трампа в качестве 47-го президента США вызвала широкий резонанс благодаря его заявлению о новом курсе для страны. В своей инаугурационной речи Трамп пообещал американцам, что США станет «более сильным и исключительным». Он представил программу, которая охватывает ряд ключевых направлений, включая внутреннюю и внешнюю политику. В частности, Д.Трамп объявил чрезвычайное положение на южной границе США и заявил о начале процесса «возвращения миллионов нелегальных преступников» в их страны. Он также пообещал приравнять наркокартели к зарубежным террористическим организациям, что позволит применять более жёсткие меры борьбы с ними.

Д.Трамп отметил, что его администрация сосредоточится на борьбе с инфляцией и снижении цен для американских потребителей. Он объявил чрезвычайное положение в энергетике, чтобы поддержать промышленность и экономику, а также пообещал разрешить использование американских нефтяных месторождений и экспорт энергоресурсов. Президент США также выразил намерение возродить американскую автомобильную промышленность и повысить пошлины на иностранные товары. В его планах — подписание указа о запрете государственной цензуры, возвращающего свободу слова, и указа о недопущении «расовой и гендерной повестки» во все сферы жизни, подчеркнув, что в США существует только два гендера: мужской и женский.

Новый президент пообещал реабилитировать и восстановить в должности всех военных, уволенных за отказ от вакцинации против «COVID-19». Он также заверил, что США будут прекращать войны и избегать вступления в конфликты, которые не отвечают национальным интересам. В своей речи Трамп упомянул амбициозные проекты, такие как переименование Мексиканского залива в залив Америки, возвращение контроля над Панамским каналом и отправка американских астронавтов на Марс для установки американского флага. В конце своего выступления Трамп заявил: «Наш золотой век только начался, храни Бог Америку».

Предвыборная программа Дональда Трампа по развитию экономики США на период 2024-2027 годов пока не представлена в виде единого подробного документа. Однако, основываясь на его выступлениях, заявлениях, предвыборной риторике и предыдущем президентском опыте, можно выделить ключевые направления и приоритеты, которые, скорее всего, составят основу его экономической политики.

Одним из первых шагов, о которых заявил Дональд Трамп, станет подписание большого количества исполнительных указов с целью отмены многих решений, принятых администрацией Джо Байдена. В частности, речь идёт об отмене запретов на добычу нефти на шельфе и на федеральных землях. Трамп неоднократно заявлял о намерении сделать снижение налогов «постоянным», а не временным, как это было установлено в 2017 году. Он также может рассмотреть возможность дальнейшего снижения налогов как для бизнеса, так и для физических лиц. Кроме того, он может вновь поднять вопрос об упрощении налогового кодекса и уменьшении бюрократической нагрузки, чтобы сделать налоговую систему более понятной и доступной для всех. Трамп продолжает утверждать, что снижение налогов стимулирует экономический рост, создаёт рабочие места и увеличивает доходы населения. Он считает, что уменьшение налогового бремени побуждает компании инвестировать в новые проекты и расширять производство, что, в свою очередь, приводит к созданию новых рабочих мест и росту заработной платы.

Фраза «Америка прежде всего» («America First») стала одним из главных лозунгов и ключевых принципов политической и экономической стратегии Дональда Трампа как во время его президентства, так и в его нынешних политических выступлениях. Эта фраза отражает его подход к внешней и внутренней политике, в основе которого лежит приоритет национальных интересов США над всеми остальными. Трамп продолжает выступать за протекционистскую торговую политику, которая ставит интересы американских производителей на первое место. Он предлагает ввести пошлины и тарифы на импорт из стран, которые, по его мнению, не соблюдают «честную торговлю». В частности, он может вновь нацелиться на Китай и может предпринять дальнейшие шаги по пересмотру торговых соглашений и заключению более выгодных для США сделок. Он заявляет, что такие меры необходимы для защиты американских рабочих мест и национальной промышленности, а также для сокращения торгового дефицита.

Президент США, вероятно, продолжит политику дерегулирования, отменяя или пересматривая федеральные правила, которые, по его мнению, сдерживают развитие бизнеса. Он может вновь привлечь внимание к уменьшению бюрократического бремени и ускорению процессов получения разрешений



и лицензий. Трамп утверждает, что дерегулирование способствует экономическому росту, созданию рабочих мест и повышению конкурентоспособности американских компаний, скорее всего, он продолжит поддерживать развитие нефтегазовой промышленности, ослабляя экологические ограничения и поощряя добычу ископаемого топлива. Он также продвигает идею энергетической независимости США, уменьшая зависимость от импорта энергоресурсов. Он говорит, что это обеспечит рабочие места и экономический рост, а также повысит национальную безопасность и будет стремиться вернуть производства из других стран в США, используя экономические и политические инструменты. Он может ввести программы поддержки и субсидии для американских производителей. Он заявляет, что это создаст рабочие места для американцев, укрепит национальную экономику и уменьшит зависимость от импорта и продолжит политику жёсткого контроля на границе, включая строительство стены на границе с Мексикой и ужесточение иммиграционного контроля. Он утверждает, что такая политика необходима для обеспечения национальной безопасности и защиты рабочих мест для граждан США. Д.Трамп, скорее всего, снова заявит о намерении инвестировать в инфраструктурные проекты, хотя конкретные детали могут отличаться от его предыдущей программы. Он утверждает, что инвестиции в инфраструктуру создадут рабочие места, повысят экономическую активность и улучшат транспортную сеть страны. Ключевым элементом его программы является создание рабочих мест в США, особенно в производственном секторе. Программа Трампа основана на популистской риторике и идеях экономического национализма. Он критически относится к глобализации и международным организациям, ставя на первое место интересы США. Его протекционистская торговая политика может привести к торговым войнам и негативным последствиям для американской и мировой экономики. Снижение налогов и увеличение расходов могут увеличить дефицит бюджета США, а дерегулирование в сфере экологии может нанести ущерб окружающей среде. Кроме того, его изоляционистская политика может привести к ухудшению отношений с союзниками США.

Таким образом, программа Дональда Трампа по развитию экономики США на период 2024-2027 годы основана на анализе прошлых заявлений Трампа и его текущей риторики. Конкретные детали могут измениться в ходе предвыборной кампании. Официальная, подробная экономическая программа может быть представлена позже. Для более точного понимания необходимо следить за его предвыборными выступлениями, заявлениями и официальными публикациями.

**Бауыржан Жунусов,
профессор
Zhubanov University,
кандидат экономических наук**

## ☑ Main news

## BETT SHOW КӨРМЕСІ

2025 жылдың 22-24 қаңтар аралығында Ұлыбританияның Лондон қаласында өткен білім беру саласындағы маңызды шаралардың бірі — Bett Show (British Education Training and Technology Show) көрмесіне Heriot-Watt University Ақтөбе кампусы да қатысты. Негізі ең ірі халықаралық білім көрмелерінің бірі — Bett Show көрмесінде Қазақстан алғаш рет өз ұлттық павильонын ұсынды.

Бұл — еліміздің ғылымы мен білімінің халықаралық аренаға сенімді қадам басып жатқанының көрінісі.

Bett Show көрмесінде Қазақстан университеттері келушілерді өз жетістіктерімен таныстырып, өңірлік академиялық хаб ретіндегі әлеуетін көрсетті.

Жыл сайын бұл көрмеге 130 елден шамамен 30 мың адам қатысады, олар тәжірибе алмасып, инновациялар мен білім саласындағы жаһандық трендтерді талқылайды.

Көрме барысында білім беру мазмұнын жетілдіру және цифрлық құралдарды қолдану бойынша жаңа келісімдерге қол қойылады, академиялық және ғылыми ынтымақтастық мүмкіндіктері қарастырылады. Сондай-ақ заманауи EdTech шешімдері ұсынылатын форумдар мен конференциялар өтеді.

Bett Show аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Қазақстанның Ұлыбританиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мағжан Ілиясов, сондай-ақ Ұлыбританияның білім министрі Стивен Морганның ресми кездесуі өтті.

Кездесудің негізгі тақырыбы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамыту болды. Министр Саясат Нұрбек Қазақстанды өңірдегі басты білім беру хабы ретінде таныту мақсатында іске асырылып жатқан «Study in Kazakhstan» жобасы туралы айтып өтті. Ол сондай-ақ болашақта бұл жобаға Қазақстанда жетекші британдық университеттердің қатысуын кеңейту жоспарланып отырғанын атап өтті.






## ВЫСТАВКА BETT SHOW

В одном из самых важных мероприятий в сфере образования, которое проходило с 22 по 24 января 2025 года в Лондоне Великобритании Bett Show (British Education Training and Technology Show) принял участие актюбинский кампус Heriot-Watt University. Казахстан впервые представил свой национальный павильон на одной из крупнейших международных образовательных выставок Bett Show.

Это отражение того, что наука и знания нашей страны уверенно шагают на международную арену. На Bett Show университеты Казахстана ознакомили посетителей со своими достижениями и продемонстрировали потенциал регионального академического хаба.

Ежегодно эту выставку посещают около 30 тысяч человек из 130 стран, которые обмениваются опытом и обсуждают глобальные тренды в области инноваций и образования.

В ходе выставки подписаны новые соглашения по совершенствованию содержания образования и использованию цифровых инструментов, рассмотрены возможности академического и научного сотрудничества. Также проводятся форумы и конференции, на которых предлагаются современные решения EdTech.

В рамках Bett Show состоялась официальная встреча министра науки и высшего образования РК Саясата Нурбека, Чрезвычайного и Полномочного Посла Казахстана в Великобритании Магжана Ильясова, а также министра образования Великобритании Стивена Моргана.

Основной темой встречи стало развитие сотрудничества в сфере высшего и послевузовского образования. Министр Саясат Нурбек рассказал о проекте «Study in Kazakhstan», который реализуется с целью популяризации Казахстана как главного образовательного хаба в регионе. Он также отметил, что в будущем планируется расширить участие ведущих британских университетов в этом проекте.

## THE BETT SHOW

In one of the most important events in the field of education, which took place from January 22 to January 24, 2025 in London, Great Britain the Aktobe campus of Heriot-Watt University took part in the Bett Show (British Education Training and Technology Show). Kazakhstan presented its national pavilion for the first time at one of the largest international educational exhibitions, the Bett Show.

This is a reflection of the fact that our country's science and knowledge are confidently entering the international arena.

At the Bett Show, universities in Kazakhstan introduced visitors to their achievements and demonstrated the potential of the regional academic hub.

About 30,000 people from 130 countries visit this exhibition every year to share their experiences and discuss global trends in innovation and education.

During the exhibition, new agreements were signed to improve the content of education and the use of digital tools, and the possibilities of academic and scientific cooperation were considered. There are also forums and conferences where modern EdTech solutions are offered.

As part of the Bett Show, an official meeting was held between Sayasat Nurbek, Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Magzhan Ilyasov, Ambassador Extraordinary and Plenipotentiary of Kazakhstan to the UK, and Stephen Morgan, Minister of Education of the United Kingdom.

The main topic of the meeting was the development of cooperation in the field of higher and postgraduate education. Minister Sayasat Nurbek spoke about the "Study in Kazakhstan" project, which is being implemented to promote Kazakhstan as the main educational hub in the region. He also noted that in the future it is planned to expand the participation of leading British universities in this project.

**Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова**

# Әлемдік трендтермен санасуға, қамдануға тура келеді




**Лаура Қарабасова**
**Zhubanov University ректоры**

**Жаңа жылда білім саласын не күтіп тұр? 2025 жылы жоғары білім саласында жаңа/негізгі трендтер қандай болмақ? Бұл сұрақтар көпшілік үшін қызық.**

Әртүрлі платформалардағы әлемдік білім сарапшылары мен мамандардың пікіріне сүйенсек, әділдік, инклюзия және жоғары білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету жаңа жылда жоғары білім саласының фокусы мен негізгі проблемасына айналады.

Аустралиядағы университет ректорлары Джеральдин Маккензи мен Данкан Бентли аз қамтылған отбасылардан, өңірлерден шыққан және отбасында алғаш болып университетке түскен студенттерге көбірек қолдау көрсету өзектілігі артатынын алға тартып отыр.

AI, яғни жасанды интеллект білім келбетін қарқынды түрде өзгертуді жалғастыратыны сөзсіз. Енді жасанды интеллект педагогика мен бағалау процесінде, студенттердің оқуға ынтасын арттыруда көбірек қолданылады деп күтілуде. Әсіресе, мақсатты кері байланыс беру, тапсырма күрделілігін реттеуде жасанды интеллект мүмкіндігі зор.

Бұл үрдісте бәсекеден қалмау үшін университеттер технологияларға және ең бастысы, оқытушылардың дайындығы мен кәсіби дамуына ден қоюы керек.

«Think global, act local» (Глобальды ойлап — локальды әрекет ету) қағидаты өзекті бола түседі.

Университет басшылары ЖОО үшін жаһандық коллаборация мен серіктестіктерді нығайту қаншалықты маңызды болса, жергілікті проблемаларға сезімталдық таныту және білім беруде жергілікті ерекшелікті ескеру соншалықты маңызды болатынын да айтады.

Сонымен қатар білім берудің практикалық бағдарының артуы, қысқа мерзімді сертификациялық курстар да жұмысқа тұру мүмкіндігін арттыру құралдары ретінде маңызды трендер болып қалмақ.

Университеттер икемді әрі белсенді әлеуметтік институт болуы үшін жоғары білім саласының басшылығы да саналуандық қағидатына сай болуы керек. Бирмингем университетінің Дубайдағы кампусындағы профессор Музуги университет басшылығындағы, әсіресе Таяу Шығыстағы әйел басшылар рөлінің маңыздылығын баса айтып отыр.

Кез келген елдің жоғары білім саласын изоляцияда елестету мүмкін емес. Сондықтан, әлемдік трендтермен санасуға, қамдануға тура келеді.

Бүгінгі таңда еліміздің жоғары білім саласында, университетімізде қарқынды интернационализация процестерімен бірге, жергілікті контекстке баса назар аудару, түрлі әлеуметтік топтардан шыққан студенттерге қолдау мен көмек көрсету, жұмыс берушілермен тығыз жұмыс істеу арқылы студенттердің кәсіби дағдыларын дамыту және оқытушыларды жаңа технологияларды қолдануға бейімдеу жұмыстары жүруде.

2024 жыл біздің университет үшін ғылым жылы болды. Нақты өңірлік проблемаларды шешуге бағытталған өнімді ғылыми жобалар саны мен сапасын арттырдық.

Университеттің барлық бастамаларын қолдаған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұжымына, әр серіктес ұйымға, әрбір жанға, ұжымыма алғыс білдіремін.

Жаңа жылдың жақсылығы мол болсын, достар, әріптестер!

**Посттың орысша нұсқасына сілтеме: https://t.me/laura_researcher/73**

**Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.**

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Басқарма төрағасы-Ректор Лаура Қарабасова**

**Бас редактор**
Гүлнара Қараша

**Аудармашы**
Айерке Сұлтанбекова

**Дизайнер:**
Нұрша Биданова

**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

**E-mail: gazetaZhU@mail.ru**
**Сайт: http://zhubanov.edu.kz**

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды**